ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 07 ақпан № 5165-23-00-2/88 Түркістан қаласы

Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Д. Конысбаева,
сот отырысының хатшысы М. Мұсаханның қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Ақ-бұлақ» облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
дара кәсіпкер «Әбен Сүндет Қалымбекұлы»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1.мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздықты өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі М.Зулпихаров

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

Тараптар арасында тауарын жеткізіп беру туралы барлығы 538 000 теңгеге 2022 жылғы 29 қараша №67 санды келісім шарты (бұдан әрі - Шарт) түзілген.

Шарттың №1 қосымшасына сай мердігер келісім-шарт жасалған күннен бастап 16 күн ішінде жеткізуді міндеттенген.

Талап қоюшы сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану, тұрақсыздықты өндіру туралы талап қою арызын түсірген. Оның негізіне, жауапкер Шарттың талаптарын орындамағанын көрсеткен.

Талап қоюшы өкілі сотта талап қою арызды толық қолдап, соттан оны арызда көрсетілген негіздермен қанағаттандыруды сұраған.

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 14.02.2023
Заңды күшіне енген күні: 17.03.2023, судья Конысбаева Д. М., 20.03.2023
5165-23-3-1/62

Жауапкер сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланғанымен сотқа келмеді, істі өзінің қатысуынсыз немесе қашықтықтан қатыса отырып қарау жайлы сұрамаған.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабы 4-бөлігінің талаптарына сай, сот істі келмеген жауапкерлердің қатысуынсыз қарады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Бірінші талабы бойынша.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу» туралы 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V санды Заңының (ары қарай - Заң) 12-бабы 4-тармағы 3-тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігі 3)-тармақшасында көрсетілген жағдайда, жиынтығында мынандай: 1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі; 2) шарттық міндеттемелерді толық орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы шарттары қанағаттандырылатын жағдайларды қоспағанда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өзіне белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қойып сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталған жағдайларға қарағанда жауапкер өзін міндеттемесін орындалмаған.

Екінші талабы бойынша.

Азаматтық Кодексінің 293 бабында тұрақсыздық (айыппұл) заңнамамен немесе келісім-шартпен анықталған, борышкер міндеттемелерді орындамағанда немесе тиісінше орындамағанда, сонымен бірге мерзімінен кешіктіргенде несие берушіге төлеуге міндетті ақшалай сома болып табылады деп қарастырылған.

Сондықтан, талап қоюшы келісім шарттың 7.3-тармағына сәйкес жауапкер келісім-шарттағы өз міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін 17 күнге шарттың жалпы құнынан 0,1%, яғни 9 146 теңге тұрақсыздық өндіруді сұрайды.

Көрсетілгендер негізінде, сот, жауапкердің мемлекеттік сатып алу туралы келісім шартты орындамағанын негізге алып, әлеуетті өнім беруші ретінде мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды және тұрақсыздық өндіруді жатады деген қорытындыға келеді.

Істің мұндай тұрғысында сот, талап қоюшының талап қою арызын қанағаттандыруға жатады деп санайды.

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 14.02.2023
Заңды күшіне енген күні: 17.03.2023, судья Конысбаева Д. М., 20.03.2023
5165-23-3-1/62

АПК-нің 117 бабының талаптарына сай жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж өндіру қажет.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 – баптарын басшылыққа ала отырып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақ-бұлақ» облыстық балалар оңалту орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Әбен Сүндет Қалымбекұлы» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы ретінде танылсын.

Дара кәсіпкер «Әбен Сүндет Қалымбекұлы» - нан мемлекет пайдасына 9 146 (тоғыз мың жүз қырық алты) теңге тұрақсыздықты, 1 999 (мың тоғыз тоқсан тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы тарап шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Түркістан облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Түркістан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық тәртіппен шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья: **Д.М. Конысбаева**

Құжатқа қол қойылған: Конысбаева Д. М., 14.02.2023

Заңды күшіне енген күні: 17.03.2023, судья Конысбаева Д. М., 20.03.2023

5165-23-3-1/62